

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Батыссушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы Батыс Қазақстан су шаруашылығы жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 шілдедегі N 713 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Батыссушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы Батыс Қазақстан су шаруашылығы жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорны оған "Орда су құбырлары басқармасы" мемлекеттік кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Батыссушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы Батыс Қазақстан су шаруашылығы жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорнына заңнамада белгіленген тәртіппен "Бөкейорда су құбыры" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құруға рұқсат берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*